Көшірме

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 26 қыркүйек № 5501-24-00-2/2817 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Т. Жақыпбеков қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Естай атындағы Мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«WIN» Мырзахмет Бауыржан Нұрмұхаметұлы жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану,
2.тұрақсызыдық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226, 267-4 басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Павлодар қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Естай атындағы Мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жауапкер «WIN» Мырзахмет Бауыржан Нұрмұхаметұлы жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсызыдық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«WIN» Мырзахмет Бауыржан Нұрмұхаметұлы жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«WIN» Мырзахмет Бауыржан Нұрмұхаметұлы жеке кәсіпкерден Павлодар қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Естай атындағы Мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Құжатқа қол қойылған: Жакупбеков А. Т., 26.09.2024
5501-24-3-1/3072

пайдасына 738 (жеті жүз отыз сегіз) теңге тұрақсыздық айыппұл, 22 (жиырма екі) теңге мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстар өндірілсін.

«WIN» Мырзахмет Бауыржан Нұрмұхаметұлы жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

«Естай атындағы Мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына 3 670 (үш мың алты жүз жетпіс) теңге артық төленген мемлекеттік баж қайтарылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Т. Жақыпбеков

Көшірме дұрыс
Судья А.Т. Жақыпбеков

Анықтама: шешім заңды күшіне 2024 жылдың 05 қарашасында енді

Судья А.Т. Жақыпбеков

Құжатқа қол қойылған: Жакупбеков А. Т., 26.09.2024